Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі кезеңінде бағдарламалық құжаттар пакеті әзірленді, олардың негізінде АӨК саласындағы мемлекеттік саясат әр түрлі дәрежеде іске асырылды: 1991-1995 жылдарға және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған «Ауыл» әлеуметтік– экономикалық даму бағдарламасы, 1993–1995 жылдарға және 2000 жылға дейінгі агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың тұжырымдамалық бағдарламасы, Ауыл шаруашылығы өндірісін дамытудың 2000–2002 жылдарға арналған бағдарламасы, 2003-2005 жылдарға арналған мемлекеттік агроазық-түлік бағдарламасы, ауылдық аумақтарды дамытудың 2004– 2010 жылға арналған мемлекеттік бағдарламасы, агроөнеркәсіптік кешенді орнықты дамытудың 2006–2010 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін орнықты дамытудың 2006–2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі бірінші кезектегі шаралар бағдарламасы, агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2010–2014 жылдарға арналған бағдарламасы, Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі «Агробизнес-2017» бағдарламасы агроөнеркәсіптік кешенді дамыту 2017–2021 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 732 Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 - 2025 жылдарға арналған ұлттық жобасын бекіту туралы Қаулысы.

2017-2021ж.ж. кезеңіндегі АӨК дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру барысында ҚР агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасын ҚР «Агробизнес-2017» АӨК дамыту жөніндегі бағдарламасымен интеграциялауды атап өткен жөн. Бағдарламаны

іске асырудың қанағаттанарлықсыз нәтижелері оны тоқтата тұруға негіз болды және ҚР АӨК дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының күші жойылды ҚР Президентінің 19.04.2019 ж. № 29 Жарлығымен. Сарапшылардың пікірінше, ауыл шаруашылығы өнімдерінің басым 20 түрінің ішінен тек 12 түрі бойынша өндірушілер нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізді, ауыл шаруашылығы өнімдерінің 4 түрі бойынша жоспарлы индикаторлар ішінара орындалды, өнімнің 4 түрі бойынша өндірушілер нысаналы индикаторларды толық сатпады [4]. Біздің ойымызша, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру кезіндегі негізгі проблема орындалу барысы мен нәтижелерге қол жеткізу мониторингінің болмауы, бақылау-қадағалау тетіктерінің тиімділігінің төмендігі болып табылады.

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың қазіргі заманғы тұжырымдамасында аграрлық сектордың объективті факторлардан – азық-түлікті тұтынудың тар нарығынан елеулі осалдығы, теңіз тасымалдарына тікелей шығудың болмауы, климаттық жағдайлардан жоғары тәуекелдер, су ресурстарының шектелуі, кредиттік қаржыландырудың қолжетімсіздігі, сауда-логистикалық инфрақұрылымның, ауылдық жерлерде тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерінің нашар дамуы фактісі айқындалады. Осыған байланысты ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясат ауқымды реформалар жүргізуді көздейді. АӨК мемлекеттік басқаруды жаңғырту саланың ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізуге ілеспе шығыстар саясатын қайта бағдарлауға; өнімділік драйверлері ретінде білім мен цифрландыруға назар аударуға; жекелеген өндірістерден құн тізбегіне баса назар аударуға бағытталған. Аграрлық сектордың жаһандық сын-қатерлерге бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығының өсуін ынталандыру заңнамалық базаны жаңғыртумен, мемлекеттік қолдау жүйесінің тиімділігін арттырумен, білімді тарату жүйесін қалыптастырумен қисынды түрде қатар жүруі тиіс¹.

Сонымен қатар, Қазақстанның мемлекеттік жоспарлау жүйесі соңғы жылдары өзінің дамуында бірнеше ірі өзгерістерге ұшырады. Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесін

1 "Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжы-

айқындап берді, оның негізгі үрдісі мемлекеттік бағдарламаларды ұлттық жобаларға айналдыру болды². Ұлттық жоба - бұған дейінгі мемлекеттік және салалық бағдарламаларды, сондай-ақ, агроөнеркәсіптік кешенді дамытудағы жаһандық сын-қатерлер мен әлемдік трендтерді ескере отырып, күш-жігер мен ресурстарды шоғырландыруды қажет ететін нақты, тораптық міндеттер мен жобаларды шешуге бағытталған.

Екінші деңгейдегі құжаттар әртүрлі тұжырымдамалар, іс-шаралар жоспарлары және Ұлттық жобалар болып табылады. Үшінші деңгейдегі құжаттар – іске асыру деңгейінің құжаттары, орталық мемлекеттік органдардың жоспарлары, квазимемлекеттік сектордың жоспары.

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы іске асырылуда³. 2025 жылға дейінгі нақты, қол жеткізуге болатын міндеттер, олардың негізгілері еңбек өнімділігін екі жарым есе арттыру, агроөнеркәсіптік кешен өнімдерінің экспортын екі есеге арттыру және отандық өндірістің әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету арқылы бәсекеге қабілетті агроөнеркәсіптік кешенді құру болып табылады.

Мемлекеттік саясаттың өзекті аспектілері нарықтағы отандық өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға байланысты инновациялық қызметті дамытуды ынталандыратын ұйымдастырушылық, экономикалық және құқықтық басқару әдістерінің кешенін жетілдіру болып табылады. Құқықтық әдебиеттерде мемлекеттік реттеу деп заңды тұлғалардың қызметін нормативтік жүйелеу, ұйымдастыру және құқықтық мемлекет құру механизмі танылады [5, 19 б.].

Мемлекеттік қолдау – бұл әкімшілік-құқықтық әдістерді қамтитын мемлекеттік реттеу әдісі; мемлекеттік биліктің субъектілері арасындағы өкілеттіктерді шектеу және т.б. шектеу шаралары. Мемлекеттік реттеу: нақты өкілеттіктер үшін заңнамалық база құру; жекелеген салаларды экономикалық реттеу; отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің бәсекеге қабілеттілі-

гін арттыруға бағытталған саясатты жүргізу; экономикалық қатынастардың барлық субъектілерінің заңнамалық талаптарды орындауы үшін қадағалау функцияларын орындау; үйлестіру қызметі; бақылау функцияларын орындау сынды шараларының тұтас кешенін қамтиды.

Мемлекеттік органдардың құзыретін дәлірек шоғырландыру, мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру және соның нәтижесінде жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында заңнамадағы заң терминдерінің мәні мен мазмұнын, мемлекеттік органдардың және олардың басқарудың барлық деңгейлеріндегі жауапкершілігін нақты түсінудің мақсатқа сай екендігін есте ұстаған жөн [6, 23 б.]. Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеу «экономикалық реттеу әдістерін (бағалар, салықтар, несиелер, баждар) пайдалана отырып, негізінен нарықтық негізде жұмыс істейтін ауыл шаруашылығы кәсіпкерлік жүйесіне әсер ету, сондай-ақ мемлекеттік тапсырыстар, лицензиялар, квоталар және ықпал етудің басқа да әкімшілік әдістері» жөніндегі мемлекеттің қызметі [5, 19 б.]. «Мемлекеттік реттеу» терминінің орнына «мемлекеттік басқару» терминін қолдандың дұрыстығы туралы да көзқарас бар [7]; дегенмен, олардың терминологиялық мағынасы мен қолданылуы мәселесі агроөнеркәсіптік кешен саласындағы қоғамдық қатынастарды өзгерту парадигмасында даулы мәселе деп есептейміз.

Қазіргі аграрлық-құқықтық ғылымда ауыл шаруашылығы мен агроөнеркәсіптік кешендегі «мемлекеттік реттеу» түсінігін концептуализациялаудың өзіндік ерекшеліктері бар, тұжырымдалған: аграрлық секторға мемлекеттік әсер ету шараларының жүйесі ретінде [8, 16 б.]; «Экономиканың аграрлық секторын тиімді дамыту үшін мемлекет қабылдайтын ұйымдық-құқықтық шаралар жүйесі» ретінде немесе «Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің және агроөнеркәсіптік кешеннің басқа да субъектілерінің шаруашылық қызметіне мемлекеттің мақсатты ықпалы» ретінде «Мемлекеттік реттеу агроөнеркәсіптік өндірістің барлық салаларының тұрақты жұмыс істеуін қамта-

рымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы No 960 қаулысы. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000960> (кіру күні: 12.09.2022)

2 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы: бекітілді. 29 қараша 2017 ж., No 790 // <https://adilet.zan.kz/rus/>; Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы: бекітілді. 26 ақпан 2021 ж., № 99 // <https://adilet.zan.kz/rus/> (кіру күні: 12.09.2022)

3 Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы No 732 Қаулысы // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000732> (кіру күні: 12.09.2022)

масыз етуге бағытталған тиісті мемлекеттік басқару органдарының ұйымдық-экономикалық қызметін білдіреді» [9, 31 б.]; нормативтік құқықтық актілерді шығару арқылы осы саладағы коммерциялық ұйымдардың шаруашылық қызметін ұйымдастыруға мемлекеттің мақсатты ықпалы ретінде [10, 33 б.] және т.б.. «Мемлекеттік реттеу» термині мемлекеттік басқарумен қатар дербес ұғым ретінде де, мемлекеттік басқарудың құрылымдық элементі ретінде де, аталған функцияны іске асыру тәсілдерінің бірі ретінде де қолданылады [11, 370-бет].

Қазақстандық заңнамада мемлекеттік реттеудің мәні арнайы заңдардың ережелерінде көрсетілген⁴. «Агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 66-III Заңының 9-бабына сәйкес, агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу азық-түлік қауіпсіздігін, агроөнеркәсіптік кешен өнімі нарықтарының тұрақтылығын қамтамасыз етуге, кәсіпкерліктің тиімді жүйесін құруға, отандық өнімнің бәсекелестік артықшылығын қолдауға, сондай-ақ, өсімдік шаруашылығын, мал шаруашылығын, балық шаруашылығын, ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеуді және тамақ өнеркәсібін дамыту үшін жағдай жасау арқылы ауыл халқының тұрмыс деңгейін көтеруге, ветеринариялық-санитариялық және фитосанитариялық қауіпсіздікті, техникалық жарақтандыру мен басқа да ілеспе қызмет салаларын қамтамасыз етуге, ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамытуға бағытталған⁵. Мемлекеттік органдардың және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының агроөнеркәсіптік кешен мен ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу саласындағы құзыреті заңнамалық түрде белгіленген. Зерттеулер қазіргі заманғы мемлекеттік аймақтық саясат ауылдық аумақтардың тұрақты дамуына көңіл бөлінбеуінен зардап шегеді: жергілікті аумақтардың біркелкілігі сақталып, нығайып, олардың әлеуметтік тұрақсыздығы факторына айналып, елдің азық-түлік қауіпсіздігіне қатер төндіреді. Осыған байланысты ауыл-

дық елді мекендерді дамыту әдістемесін және ауылдық аумақтарды жаңғыртуды қолдаудың тиімді құралдарын қоса алғанда, тұрақты дамытудың теориялық тәсілдері мен тәжірибелік ұсыныстарын әзірлеу орынды сияқты [12].

Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеудің маңызды бөлігі — шағын шаруашылықтарды біріктіру және ортақ мүдделерді жүзеге асыру мүмкіндіктерін заңнамалық тұрғыдан бекіту де, ұлттық тауар өндірушілер мен тұтынушыларды ауыл шаруашылығы өндірісінің халықаралық жүйесіне енгізу. Экономикалық әдебиеттерде халықаралық ресурстарға, өнімділікті арттырудың заманауи әдістеріне қол жеткізу мәселесі өзекті болып табылады [13, 124 б.].

Мемлекеттік реттеу, әдетте, іргелі қағидаттарға негізделеді. Аграрлық құқықтық қатынастарды реттеу процесі де ерекшелік емес: агроөнеркәсіптік кешен саласында ауыл шаруашылығы өндірісіне қатысушыларға мемлекеттік көмек алуда тең мүмкіндіктер беру негізгі қағидаттар болып табылады; аграрлық сектордың барлық қатысушыларының нарық жағдайы мен мемлекеттің аграрлық саясаты туралы ақпаратқа тең қолжетімділігін қамтамасыз ету; ресурстар нарығында және азық-түлік тауарлары нарығында жетілген бәсекелестік үшін жағдай жасау; мемлекеттің аграрлық саясатының даму заңдылығы және оны тұрақтандыру; әр түрлі ауыл шаруашылығы бірлестіктерінің мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға еркін қатысуына кепілдік беру; заңға сәйкес дербес кәсіпкерлік қызмет; ауыл шаруашылығы ұйымдарының мүлікке билік ету бостандығы; ауыл шаруашылығы қатынастарына мемлекеттің араласуына белгілі бір шектеулердің болуы; ауыл шаруашылығында азаматтардың құқықтарын сақтау және т.б. [14].

Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік басқару мәселесі контекстінде басқару құрылымдарының өкілеттігіне тыйым салуды, рұқсат беруді және мәжбүрлеуді қолдану мүмкіндігіне тікелей байланысты ықпал ету әдісі ретіндегі әкімшілік реттеудің рөлін асыра бағалау қиын. Бұл тұрғыда мемлекеттік басқару ауыл шаруашылығы өндірісінің

4 «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66-III Заңы. - URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30015652, Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы 2015 жылғы 29 қазандағы № 372-V ҚРЗ Заңы. - URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000372>, Мемлекеттік-жеке иелік әріптестік туралы 2015 жылғы 29 қазандағы № 372-V ҚРЗ Заңы. - URL мекенжайы: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000379> (кіру күні: 12.09.2022).

5 «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66-III Заңы. - URL мекенжайы: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30015652 (кіру күні: 12.09.2022).

техникалық аспектілерін және өндірілетін өнім айналымын түзетуді, белгілі бір сапа стандарттары мен квоталарды белгілеуді қамтиды; лицензиялау және сертификаттау; ветеринариялық-санитариялық бақылау талаптарын ұсыну; еңбек және монополияға қарсы заңнамаға сәйкес ауыл шаруашылығы нарығындағы қатынастарды реттеу [14].

Мемлекеттің аграрлық саясаты мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, отандық сапалы тағам өнімдерімен халықты қамтамасыз ету көрсеткішін арттыру және тұтынушылардың қолжетімдігін жақсартуды көздейді. Атап айтқанда, ауыл тұрғындарының тағам түрлерімен өздерін толық қамтамасыз етуі және қала тұрғындарына отандық өнімдерді арзан бағамен жеткізу болып табылады.

Алдағы уақытта еліміз үшін аграрлық салада шикізат экономикасынан барынша арылып, Қазақстанның тағам индустриясы дамыған елдердің қатарына қосылуына, сонымен қатар уақыт ұттырмай импортталған азық-түліктердің санитарлық-эпидемиологиялық, экологиялық тазалығы мен жоғары сапалылығын қамтамасыз ету, мал шаруашылығын жайылатын жұқпалы аурулардан сақтау, медициналық ветеринария жұмысын жолға қою сияқты кезек күттірмейтін міндеттер тұр.

Агроөнеркәсіптік кешенде мемлекеттік басқарудың экономикалық және әлеуметтік мақсаттардың бірлігі қағидасы сияқты атап айтқанда : аграрлық секторды басқарудағы индикативтілік пен бағыттылық үйлесімі; бағдарламалық реттеу принципі; барлық меншік нысанындағы кәсіпорындарды тең қолдау принципі; тиімді жұмыс істейтін кәсіпорындарды экономикалық ынталандыру принципі; кеңейтілген ұдайы өндірісті қамтамасыз ету принципі, бағалардағы салааралық диспропорцияны еңсеру, материалдық-техникалық және қаржылық ресурстардың қажеттіліктері мен түсімдерінің жеткіліксіздігін жою және ауыл шаруашылығы өндірісінің экономикалық тиімділігі негізінде АӨК-де қолайлы экономикалық орта құру қажеттілігін білдіретін кеңейтілген ұдайы өндірісті қамтамасыз ету қағидатын басшылыққа алу орынды [15].

Қорытынды

Зерттеу көрсеткендей, ауыл шаруашылығы саласы жалпы ел экономикасы үшін ең маңызды сала болып табылады. Экономиканың өмірлік маңызды факторы ретінде агроөнеркәсіп кешені өміршеңдігі

мен тиімділігі мемлекеттік қолдау деңгейіне байланысты нақты сектор болып табылады. Агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік басқару әмбебап ұғым ретінде субъектілердің ұйымдық-шаруашылық қызметіне мемлекеттің мақсатты, кешенді ықпалы екені анықталды. Әсер ету, ең алдымен, нормативтік құқықтық актілер деңгейінде, мемлекеттік аграрлық саясаттың мақсаттарына жету үшін мемлекеттік органдардың қызметін ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік басқарудың құқықтық негіздерін концептуализациялау Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы өндірісі саласында институционалдық реформаларды жүргізу қажеттілігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Әңгіме, ең алдымен, аграрлық сектордағы ұдайы өндіріс процестерін реттеудің мемлекеттік-құқықтық механизмін реформалау; қаржыландыру, несиелеу, сақтандыру жүйелерін, агроөнеркәсіптік кешенде тиісті инфрақұрылымды құру, саланы цифрландыру, ауыл шаруашылығы өндірісі субъектілерінің әлеуметтік жағдайларын жақсартуға бағытталып, агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік басқаруды жаңғырту стратегиялық басқару рөлін күшейтуге, Стратегиялық менеджмент салаларды дамытудың мақсатты бағдарламаларын, болжамдарын әзірлеу мен жүзеге асыруға негізделуі керек [16, 76.].

Қазіргі кезеңде үлкен маңызға ие, көптеген факторлардың ішінде: (1) аграрлық ғылымның мемлекеттік секторының құрылымы мен басқаруын дамыту, (2) кадр саясаты; (3) барлық деңгейдегі ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің мүдделерін білдіретін салалық одақтардың шығармашылық қызметінің әлемдік дәстүрінің сабақтастығы; (4) халықтың әртүрлі топтарының және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің мүдделерін ескере отырып, басқару шешімдерін қабылдау жүйесінің қолданыстағы әлемдік тәжірибесінің бейнесі мен ұқсастығын өзгерту.

Қазіргі таңда экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізу, агробизнесті дамыту және нарықтық қатынастарды игеруде экономикалық реформаларды тереңдету және кеңейту қажеттілігі туындап отыр. Экономика нарығында заңмен тыйым салынбаған қызметтің барлық түріне шектеу қоймайды. Дей тұрғанмен, аграрлық саланы мемлекеттік реттеу жағдайында ғана шешілетін проблемалар аз емес. Мәселен, адам бақылауына көнбейтін (форс-мажорлық) табиғи және

әсіресе ауа райы жағдайларына тәуелді болуымен өндіріс қоры мен қызмет көрсетудің бағалық конъюктурасымен анықталатын ауыл шаруашылық өндірісінің төмен рентабельділігін және мемлекеттік ұйымдардың агробизнеске шектен тыс араласуы атауға болады.

Ал, мемлекеттік реттеу нарықтық қатынастарды дамытуға ынталандыратын заң мен нормативтік актілер әзірлеу және қабылдау жолымен құқықтық базаны қалыптастыру және олардың орындалуына бақылау жасау, агроөнеркәсіп өндірісін тұрақтандыру, тауар өндірушілердің табысын қолдау, кәсіпкерлердің әлеуметтік қорғалу жүйесінде әлеуметтік саясатты реттеу, ауылдық жерлерде фермерлік үлгідегі шағын елді мекендерді дамыту, ғылыми зерттеу, селекциялық және асылдандыру ісін қаржыландыру және ұйымдастыру, ғылым мен техника жетістіктерін өндіріске енгізу, сондай-ақ, азық-түлік пен ауыл шаруашылығы шикізатының мемлекеттік ресурсын қалыптастыру, жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын басқару, агробизнеске заңдық қызмет көрсету және оларды құқықтық тұрғыдан қорғауды тікелей қамтамасыз етуге міндетті.

Нарықтық қатынастарды қалыптастыру мен дамытуда Республика агроөнеркәсіптік кешеніндегі мемлекеттік кәсіпорындарды мемлекеттен алу және жекешелендіру, ондағы меншікті тікелей тауар өндірушілерге, яғни шаруаларға беру проблемасы ерекше маңызды болып табылады.

Агро сектордың қайта өңдеу саласының рөлін көтеру және осы саладағы қазіргі проблемалар ел экономикасының аса маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, ол агроөнеркәсіптік кешен саласындағы қолданыстағы заңнаманы жетілдіру бойынша жан-жақты талқылауды және жаңа тиімді ұсыныстар әзірлеуді талап етеді.

Мемлекеттің аграрлық саясаты мемлекет жергілікті халықтың әлеуметтік экономикалық даму деңгейін қамтамасыз ету үшін – мал және егін шаруашылықтарын, жалпы агроөнеркәсіп кешенін дамытуға экономиканың басқа салаларына қарағанда артықшылық беруі қажет. Ауылшаруашылығы дамуының деңгейі көбінесе елдің экономикалық қауіпсіздігін анықтайды. Қазақстанның ауылшаруашылығына қолайлы жерлері көп болғандықтан, әлем нарығында бәсеке-лестікке қабілетті агроөнеркәсіп секторын дамытуға барлық мүмкіндіктері бар.

ӘДЕБИЕТ

1. *Аграрное право: учебник для вузов / С.С. Акманов [и др.]; под ред. проф. Г.Е. Быстрова и проф. М.И. Козыря. 2-е изд. испр. и доп. – М.: Юристъ, 2000. – 534 с.*
2. *Веденин Н.Н. Аграрное право: Учебник / Н.Н.Веденин. – М.: Юриспруденция, 2000. – 368 с.*
3. *Саулен Н., Саулен Н., Берназарова Р.Д. Мемлекеттік басқару жүйесін жетілдірудегі әкімшілік реформалар // Qazaqstan Respublikasy Zaһnata және qıquqtuq apparat institutyның ғылыми-qıquqtuq jўrnal. – 2021. - №1 (64). – 47-57 б.*
4. *Мұхаммедов А.У., Тасмағанбетов А. Б., Тұрғанбаев М. А. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамыту // «Тұран» университетінің хабаршысы ғылыми журналы, 2020.- №1 (85) – 76-82 б.*
5. *Быстров Г.Е. Государственное регулирование сельского хозяйства в России (понятия, функции, формы, методы): теория, практика, проблемы // Правовое регулирование аграрных, земельных отношений, природопользования и охраны окружающей среды в сельском хозяйстве в России, Украине, Белоруссии, Казахстане, других странах СНГ и государствах ЕС: состояние, проблемы, пути совершенствования: международный сборник научных трудов аграрных и юридических высших учебных заведений России, Украины, Белоруссии, Казахстана, других стран СНГ и государств ЕС / отв. ред. Г.Е. Быстров. - М.: МСХА, 2009. - Т. 1. - С. 17-37.*
6. *Жанузакова Л. Т. (2020). О соотношении функций, компетенции и полномочий государственных органов. Научно-правовой журнал «Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан». - 2020. - 2(60). - С.19-24.*
7. *Аграрное право: Учебное пособие / С.А. Боголюбов [и др.]; отв. ред. д.ю.н., проф. С.А. Боголюбов и к.ю.н. Е.Л. Минина. – М.: Издательство НОРМА, 2001. – 480 с.*
8. *Кондаревич О.С. Аграрное право: учеб.-метод. Комплекс. 4-е изд., перераб. и доп. / О.С. Кондаревич; Минский ин-т управления. – Минск: Изд-во МИУ, 2008. – 116 с.*

9. Шингель Н.А. *Аграрное право: ответы на экзаменац. вопр.* / Н.А. Шингель. – 2-е изд., перераб. и доп. – Минск: ТетраСистемс, 2008. – 160 с.
10. Тимчишен Ю.Е. *Аграрное право Республики Беларусь: курс лекций* / Ю.Е. Тимчишен. – Барановичи: УО БарГУ, 2006. – 196 с.
11. Кузьмич И.П. *Понятие государственного регулирования сельского хозяйства: теоретико-правовой аспект* // *Право в современном белорусском обществе : сб. науч. тр. / редкол.: В.И. Семенов (гл. ред.) [и др.]; Национальный центр законодательства и правовых исследований Респ. Беларусь. – Минск : Право и экономика, 2010. – Вып. 5. – С. 363–370.*
12. Kaldiyarov, D.A., Nurmikhankyzy, D., Bedelbayeva, A.E. (2021). *The Mechanism for Sustainable Development of Rural Areas in the Republic of Kazakhstan*. In: Bogoviz, A.V. (eds) *The Challenge of Sustainability in Agricultural Systems. Lecture Notes in Networks and Systems*, vol 205. Springer, Cham. https://doi.org/10.1007/978-3-030-73097-0_89
13. Сыздыкбаева Н.Б., Турысбекова Р.К., Абдықалық С.Е., Бастаубаев А.К. *Факторы и ключевые направления модернизации агропромышленного комплекса Казахстана. Economics: the strategy and practice*. 2021;16(2):116-133. <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2021-2-116-133>
14. Бурлай И. С. *Методы государственного регулирования агропромышленного комплекса России* // *Молодой ученый*. — 2018. — № 48 (234). — С. 385-388. — URL: <https://moluch.ru/archive/234/54426/> (дата обращения: 11.11.2022).
15. Гочияева П.И., Урусова А.Б. *Основные принципы государственного регулирования и поддержки сельского хозяйства* // *Фундаментальные исследования*. – 2016. – № 5-1. – С. 106-110; URL: <https://fundamental-research.ru/ru/article/view?id=40258> (дата обращения: 14.11.2022).
16. Верницкая А.Н. *Направления формирования и функционирования региональных информационно-консультационных центров для сельских товаропроизводителей: автореф. дисс...к.э.н.- Иркутск, 2006. – 23с.*

REFERENCES

1. *Agrarное право: uchebник dlya vuzov* / S.S. Akmanov [i dr.]; pod red. prof. G.E. Bystrova i prof. M.I. Kozыrya. 2-e izd. ispr. i dop. – M.: YUrist", 2000. – 534 s.
2. Vedenin N.N. *Agrarное право: Uchebник* / N.N.Vedenin. – M.: YUrisprudenciya, 2000. – 368 s.
3. Saulen N., Saulen N., Bernazarova R.D. *Memlekettik bacqaru zhyjecin zhetildipudegi akimshilik pefomalap* // *Qazaqstan Respýblikasy Zańnama jáne quqyqtyq aqqarat institýtynyń gylymi-quqyqtyq jýrnal*. – 2021. - №1 (64). – 47-57 b.
4. Mýammedov a.u., Tasmaǵanbetov A. B., Tǵrańbaev M. A. *Qazaqstan Respublikasynyń agroǵnerkásiptik keshenin damytu* // «Tǵran» universitetiniń habarshysy zylimi zhurnaly, 2020.- №1 (85) – 76-82 b.
5. Bystrov G.E. *Gosudarstvennoe regulirovanie sel'skogo hozyajstva v Rossii (ponyatiya, funkcii, formy, metody): teoriya, praktika, problemy* // *Pravovoe regulirovanie agrarnyh, zemel'nyh otnoshenij, prirodopol'zovaniya i ohrany okruzhayushchej sredy v sel'skom hozyajstve v Rossii, Ukraine, Belorussii, Kazahstane, drugih stranah SNG i gosudarstvah ES: sostoyanie, problemy, puti sovershenstvovaniya: mezhdunarodnyj sbornik nauchnyh trudov agrarnyh i yuridicheskikh vysshih uchebnyh zavedenij Rossii, Ukrainy, Belorussii, Kazahstana, drugih stran SNG i gosudarstv ES* / otv. red. G.E. Bystrov. - M.: MSKHA, 2009. - T. 1.- S. 17-37.
6. Zhanuzakova L.T. (2020). *O sootnoshenii funkcij, kompetencii i polnomochij gosudarstvennyh organov*. *Nauchno-pravovoj zhurnal «Vestnik Instituta zakonodatel'stva i pravovoj informacii Respubliki Kazahstan»*.-2020. - 2(60).- S.19-24.
7. *Agrarное право: Uchebnoe posobie* / S.A. Bogolyubov [i dr.]; otv. red. d.yu.n., prof. S.A. Bogolyubov i k.yu.n. E.L Minina. – M.: Izdatel'stvo NORMA, 2001. – 480 s.
8. Kondarevich O.S. *Agrarное право: ucheb.-metod. Kompleks*. 4-e izd., pererab. i dop. / O.S. Kondarevich; Minskij in-t upravleniya. – Minsk: Izd-vo MIU, 2008. – 116 s.
9. SHingel' N.A. *Agrarное право: otvety na ekzamenac. vopr.* / N.A. SHingel'. – 2-e izd., pererab. i dop. – Minsak: TetraSistems, 2008. – 160 s.
10. Timchishen YU.E. *Agrarное право Respubliki Belarus': kurs lekcij* / YU.E. Timchishen. –

Baranovichi: UO BarGU, 2006. – 196 s.

11. Kuz'mich I.P. Ponyatie gosudarstvennogo regulirovaniya sel'skogo hozyajstva: teoretiko-pravovoj aspekt // Pravo v sovremennom belorusskom obshchestve : sb. nauch. tr. / redkol.: V.I. Semenkov (gl. red.) [i dr.] ; Nacional'nyj centr zakonodatel'stva i pravovyh issledovanij Resp. Belarus'. – Minsk : Pravo i ekonomika, 2010. – Vyp. 5. – S. 363–370.

12. Kaldiyarov, D.A., Nurmukhankyzy, D., Bedelbayeva, A.E. (2021). The Mechanism for Sustainable Development of Rural Areas in the Republic of Kazakhstan. In: Bogoviz, A.V. (eds) The Challenge of Sustainability in Agricultural Systems. Lecture Notes in Networks and Systems, vol 205. Springer, Cham. https://doi.org/10.1007/978-3-030-73097-0_89

13. Syzdykbaeva N.B., Turysbekova R.K., Abdyqalyq S.E., Bastaubaev A.K. Faktory i klyuchevye napravleniya modernizacii agropromyshlennogo kompleksa Kazahstana. Economics: the strategy and practice. 2021;16(2):116-133. <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2021-2-116-133>

14. Burlaj I. S. Metody gosudarstvennogo regulirovaniya agropromyshlennogo kompleksa Rossii // Molodoj uchenyj. — 2018. — № 48 (234). — S. 385-388. — URL: <https://moluch.ru/archive/234/54426/> (data obrashhenija: 11.11.2022)

15. Gochijaeva P.I., Urusova A.B. Osnovnye principy gosudarstvennogo regulirovaniya i podderzhki sel'skogo hozjajstva // Fundamental'nye issledovanija. — 2016. — № 5-1. — S. 106-110; URL: <https://fundamental-research.ru/ru/article/view?id=40258> (data obrashhenija: 14.11.2022).

16. Vernickaja A.N. Napravlenija formirovaniya i funkcionirovaniya regional'nyh informacionno-konsul'tacionnyh centrov dlja sel'skih tovaroproizvoditelej: avtoref.diss...k.je.n.-Irkutsk, 2006. – 23s.

